

К.С. Алдашева\* , Д.М. Койшигулова , Р.Ж. Қондыбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: kama\_kz89@mail.ru

## ҚАЗАҚЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ПУРИЗМ: ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ СУБЪЕКТИВТІ ШКАЛАЛАУ ӘДІСІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Адамның тілге қатысты саналы әрекеті – тұтастай алғанда тілдің сақталуына әсер ететін маңызды әлеуметтік фактор. Әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан тілді корпустық жоспарлауға қатысты түсінік ретінде танылатын «пуризм» ұғымы жеке адамның немесе тұтас тілдік қауымдастықтың тілге қатысты саналы әрекетімен байланысты түсіндіріледі. Қазақ тілінің қазіргі динамикасын танытатын қазақыландыру үдерісінің тиімділігін бағалау үшін «қазақыландыру» және «пуризм» ұғымдарының арақатынасына назар аудару маңызды. Қазақыландыру үдерісінің нәтижесі ретінде лексикалық жаңалықтарды пуризм призмасында тану тіл иелерінің субъективті бағалауын анықтауды қажет етеді. Зерттеудің алдыңғы кезеңдерінде қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің менталды лексиконында шоғырлануын пәнаралық аспектіде модельдеуге бағытталған ассоциативтік эксперимент жүзеге асырылды. Сауалнама нәтижелерінің шынайылығын тексеру үшін субъективті шкалалау әдісі қолданылды. Кешенді эксперимент және субъективті шкалалау әдісінің нәтижелері қазіргі қазақ тілінде пайда болған, тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалған лексикалық жаңалықтардың тіл жүйесіндегі, ауызша және жазба коммуникациядағы орны бірдей емес екендігін, тіл иелерінің «дұрыс / дұрыс емес»; «қабылдаймын / қабылдамаймын» позицияларының әркелкілігін дәлелдейді.

Мақалада қазақ тілінің лексикалық динамикасындағы белсенді үдерістерді сипаттайтын қазақыландыру және пуризм түсініктерінің арасалмағы қарастырылады және қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға қатысты тіл иелерінің көзқарасы мен бағасын анықтауға бағытталған субъективті шкалалау әдісі бойынша эксперимент нәтижелері талданады.

**Түйін сөздер:** қазақыландыру, пуризм, лексикалық жаңалықтар, лексикалық динамика, бағалау, субъективті шкалалау әдісі, эксперимент.

K.S. Aldasheva\*, D.M. Koishigulova, R.Zh. Kondybayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: kama\_kz89@mail.ru

### **Kazakhization and purism: results of assessing lexical innovations on the method of subjective scaling**

Conscious behavior of human in relation to language – is a significant social factor affecting the preservation of language as a whole. From a sociolinguistic point of view, the concept of “purism” which is recognized as a concept related to language corpus planning, is interpreted in connection with the conscious activity of an individual or an entire linguistic community in relation to language. In order to assess the effectiveness of the kazakhization process, reflecting the modern dynamics of the Kazakh language, it is important to pay attention to the relationship between the concepts of “kazakhization” and “purism”. The recognition of lexical innovations as a result of the kazakhization process in the prism of purism requires determining the subjective assessment of language speakers. At the previous stages of the research, an associative experiment was carried out in an interdisciplinary aspect aimed at modeling the self-organization of kazakhized lexical innovations in the mental lexicon of native speakers. The subjective scaling method was used to verify the reliability of the survey results. The results of a complex experiment and the method of subjective scaling prove that the lexical innovations that appeared in the modern Kazakh language, created by the internal capabilities of the language, do not have the same position in the system of language, oral and written communication, and also characterizes the diverse position of native speakers “correct” / “incorrect”; “accept” / “do not accept”. In the article is considered the mixture of the concepts of Kazakhization and purism, which describe active processes in the lexical dynamics of the Kazakh language, and analyzes the results of an experiment based on the subjective scaling method aimed at determining the attitude and assessment of native speakers of Kazakhized lexical innovations.

**Key words:** kazakhization, purism, lexical innovations, lexical dynamics, assessment, subjective scaling method, experiment.

К.С. Алдашева\*, Д.М. Койшигулова, Р.Ж. Коңдыбаева  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: kama\_kz89@mail.ru

### Казахизация и пуризм: результаты оценки лексических инноваций по методу субъективного шкалирования

Сознательное поведение человека по отношению к языку является важным социальным фактором, влияющим на сохранение языка в целом. С социолингвистической точки зрения понятие «пуризм», признаваемое как одно из понятий корпусного планирования языка, интерпретируется в связи с сознательной деятельностью индивида или целого языкового сообщества по отношению к языку. Для оценки эффективности процесса казахизации, отражающего современную динамику казахского языка, важно обратить внимание на соотношение понятий «казахизация» и «пуризм». Признание лексических новшеств в призме пуризма как результат процесса казахизации требует определения субъективной оценки носителей языка. На предыдущих этапах исследования в междисциплинарном аспекте осуществлялся ассоциативный эксперимент, направленный на моделирование самоорганизации казахизированных лексических инноваций в ментальном лексиконе носителей языка. Для проверки достоверности результатов опроса использовался метод субъективного шкалирования. Результаты комплексного эксперимента и метода субъективного шкалирования доказывают, что лексические инновации, возникшие в современном казахском языке, создаваемые внутренними возможностями языка, не имеют одинаковой позиции в системе языка, устной и письменной коммуникации, а также характеризует разноплановую позицию носителей языка «правильно» / «неправильно»; «принимаю» / «не принимаю».

**Ключевые слова:** казахизация, пуризм, лексические инновации, лексическая динамика, оценка, метод субъективного шкалирования, эксперимент.

#### Кіріспе

Қазақ тілі – қазақ халқы үшін ұлттың бірегейлігін айқындайтын, тарихи, мәдени, рухани құндылық. Қазақ тілінің теориялық және қолданбалы проблемаларын шешудің ғылыми негіздерін анықтау – ұлт тілінің тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – қазақ тілінің синхронды сатыдағы даму динамикасының лингвистикалық өлшемдері.

Мемлекеттік тілдің соңғы ширек ғасыр бойында дамуы мен қолданысы қазақ тілінің ішкі әлеуетін қарқынды пайдаланумен сипатталады, осының нәтижесінде, әсіресе жазба коммуникацияда көптеген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар пайда болды. Алайда лексикалық жаңалықтардың әркелкі әлеуметтік топтардың ресми-іскери, әлеуметтік-мәдени коммуникативтік актісінде әртүрлі деңгейдегі қолданысымен, әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда өзге тілдік элементтердің еркін қолданысымен, қоғамның кейбір топтары тарапынан қазақыландырылған сөздердің лингвистикалық, әлеуметтік-саяси маңызын субъективті бағалауындағы тұрақсыздықпен байланысты проблемалар бар. Аталған мәселелердің ішкі-сыртқы себептерін түсіндіру және оларды объективті бағалау арқылы талдау жасау үшін

мына мәселелердің ғылыми негіздерін жасау қажет:

– таза лингвистикалық әдіснаманың шеңберінен кеңейту;

– лексикалық жаңалықтардың «өмір сүретін» кеңістігі – тіл мен тіл иелерінің менталды лексиконын күрделі, динамикалық, ашық және шоғырланушы жүйе ретінде анықтау және параллель қарастыру;

– зерттеу нысанасы ретінде лексикалық жаңалықтарды тіл жүйесіндегі және менталды лексикондағы эволюцияның көрінісі, жаңа құрылымдар ретінде анықтау;

– лексикалық жаңалықтарды тіл жүйесіндегі және тіл иесінің менталды лексиконда шоғырлануының пәнаралық моделін жасау.

#### Материалдар мен әдістер

Қазақстандық тіл стратегиясы, ең алдымен, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін енгізудің және қазақ тілтанымының іргелі және қолданбалы проблемаларын талдаудың жаңаша ғылыми негіздерін жасауды талап етеді. Осымен байланысты қазақ тілінің лексикалық жаңалықтармен толығына ұдайы талдау жасау, эксперименттік зерттеулер негізінде эмпирикалық деректер базасын қалыптастыру өзекті болып табылады.

Ғалым А. Пищальникова ассоциативті эксперимент деректерін басқа әдістермен верификациялау қортындылардың тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз ететіндігін айтады (Пищальникова, 2007). Шын мәнінде, зерттеудің эмпирикалық деңгейінде бірнеше әдістерді қатар қолдану немесе сатылай жүзеге асыру алынған нәтижелердің шынайылығын, дәлдігін растай түседі.

Зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес субъективті шкалалау әдісі тіл иелерінің ресми-іскери, күнделікті дискурстарда лексикалық жаңалықтарды қолданудың қажеттілігіне деген саналы қарым-қатынасының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Ең алдымен, субъективті шкалалау әдісінің ғылым салаларында қолданылу тарихына және осы әдіс арқылы жүргізілген бірқатар зерттеулердің нәтижелеріне азды-көпті тоқталып өткенді жөн көрдік.

Субъективті шкалалау әдісін қолдану классикалық психофизикадан бастау алады. Қазіргі таңда психологияда, психоллингвистикада математикалық әдіс ретінде пайдаланылады. Эмпирикалық әдістің бұл түрі белгілі бір нысанаға қатысты адамның субъективті бағасын анықтауды мақсат етеді. Нақтырақ айтқанда, қоғам мүшесінің белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи, экономикалық, саяси немесе т.б. үдерістерге немесе құбылыстарға қатысты көзқарасын сандық көрсеткіш арқылы бағалауын негізгі ала отырып, зерттелетін нысана туралы қорытындылар ұсынылады.

### Әдебиеттерге шолу

Тілдік пуризм ұғымы әдетте тілді сыртқы әсерлерден сақтауға бағытталған тілді нормаландырудың, сәйкесінше тілдегі хаостың алдын алудың ең шекті формасы ретінде түсіндіріледі. Пуризм – француз тіліндегі «purisme» сөзі – латын тіліндегі «purus» – «таза» деген мағынаны береді; жүйедегі тұрақтылықты, сызықтықты сақтау мақсатында тілді ішкі сөзжасамдық ресурстары арқылы ғана дамыту қажет деген ұстаным басшылыққа алынады.

Пуризм ұғымының лексикографиялық көрсеткіштердегі алғашқы түсініктемесіне назар салсақ, бұл – әдеби тілдің тазалығына әсіре ұмтылу, бөгде тілдік элементтерді аластау (Словарь, 1898). В.И. Даль сөздігінде пуризмге «тілдің, дұрыс жазудың ережелеріне, ұстанымдарына, тазалығына шектен тыс қаталдық таныту және шеттілдік сөздерді қа-

былдамау» (Словарь, 1907) деген түсіндірме берілген. Бұдан кейінгі лексикографиялық зерттеулерде пуризм ұғымының анықтамасы кеңейе түсті және оның ғылыми талаптарға сәйкес келмейтін ксенофобтық сипатына басымдық берілді: «Пуризм – белгілі бір тілдің даму үрдісін ғылыми зерттеу арқылы негіздеместен, неологизмдерге, кірме сөздер мен шеттілдік атауларды қолданысқа енгізуге қарсы күрес; ана тілін өзге тілдің әсерінен қорғауға ұмтылған жеке тұлғалардың тілдің дамуына қатысты әрекеті» (Словарь, 1966).

Алайда лингвистикалық ғылымның дамуы жаңа сатыға көтерілген тұста пуризм ұғымына қатысты түсінік те өзгере бастады. Бұл әсіресе тілді нормаландырудың, стандарттау мен бірізділендірудің ғылыми негіздерін айқындаумен байланысты болды.

Э. Хаугеннің әлеуметтік лингвистика аясында танымал болған тілді стандарттау моделінде пуризм арнайы қарастырылмаған. Алайда кейінгі зерттеулерге сәйкес, Ana Deumert пен Wim Vandebussche герман тілдерін стандарттау туралы еңбегінде тілдерді стандарттаудағы пуризмнің маңызын тоқталып, «ұлттық қоғамды қалыптастыруда лингвистикалық пуризмнің рөлі қандай? Пуризм тарихи құбылыс қана емес, ағылшын тілінің қазіргі даму келбетінде де кездесетін құбылыс» екендігін атап өтті (Deumert, 2003).

Пуризм ұғымына тар аяда да, кең шеңберде де анықтама беруге болады. Тар аяда пуризм шеттілдік элементтерге жағымсыз көзқарас қалыптастырумен байланысты. Ғалым Brincat бұл туралы: «Пуризм – тіл иелерінің тілдік қақтығыстан (языковой конфликт) құтылу үшін саналы түрде әрекет етуі», – дейді (Brincat, 2003).

Кең мағынасында пуризм стандартталған тілді түрлі үдерістердің нәтижесінде пайда болған шеттілдік кірме сөздерден немесе формалардан, тұтастай алғанда барлық «бүлінуден» қорғауға бағытталады.

Пуризмнің жалпы теориясын қалыптастырушылардың бірі Дж. Томастың 1991 жылы жарық көрген «Лингвистикалық пуризм» деп аталатын еңбегінде пуризм ұғымына «бір тілде сөйлеуші қауымдастықтың (немесе оның бір бөлігінің) тілді сақтауға немесе тілді ұнамсыз деп бағаланатын шеттілдік және басқа да кірме элементтерден (соның ішінде диалектілерден, социалектіден) арылтуға ұмытылысы» деп анықтама береді және «бұл лингвистикалық деңгейлердің барлығына, соның ішінде, ең ал-

дымен лексикаға бағытталуы мүмкін. Пуризм тілдік норманы кодификациялау және стандарттау аспектілеріне тікелей қатысты» дейді (Thomas, 1991).

Тілдік пуризм нақты тілдік жағдаяттың ерекшелігін көрсететін параметрлерге байланысты әртүрлі формада көрініс беруі мүмкін. Осымен байланысты пуризмді классификациялаудың бірнеше нұсқалары бар.

Мәселен, ғалым Д. Шевчик тілдік пуризмді нысанасы бойынша:

- диалектизмдер;
- социолект элементтері;
- кез келген кірмелер немесе ана тілінің тарихи дамуына қауіп тудыратын нақты бір тілден енген кірмелер;

– тілдің поэтикалық әсемдігін бұзатын бірліктер деп бөледі.

Ал тілдік пуризмнің мақсатына қарай:

– біріздендіру – нормаланған тілді сақтауға ұмтылу;

– бедел – тілдің беделін және маңыздылығын сақтауға ұмтылу;

– қорғау – тілдің әмбебаптылығына төнетін орынды қауіптен сақтану;

– шектеу – тілді шектеуге ұмтылу (Ševčík, 1974).

Демек тілдік пуризм – белгілі бір ұлттық тілдің табиғи қалпын сақтауға қатысты жүзеге асатын іс-шаралар кешені. Бұл аталғандар шығатын қорытынды Д. Шевчик ұсынған пуризмнің бірнеше мақсаты оның жағымды және жағымсыз тұстарын дәл көрсете алады. Жағымсыз мақсаты – тілдік қатынасты, тіларалық үдерістерді «максимум» шектеу. Алайда бұл мақсатқа қол жеткізу тұтастай алғанда жаһанданудың қазіргі жағдайында мүмкін емес. Өйткені әлемде өмір сүретін монотілді қауымдастықтардың саны аз. Елдің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-технологиялық, мәдени-тарихи және саяси даму динамикасы тіл жүйесінің эволюциясында өзіндік із қалдырады. Егер тілде даму, динамика, өзгеріс, сұрыпталу – жаңа элементтердің шоғырлануы болмаса, сол тілде сөйлейтін халықтың немесе тұтас ұлттың басқа параметрлер бойынша дамуы мүмкін емес жағдай болар еді.

Алайда пуризмнің «тілді саналы түрде шектеу» мақсатынан басқа параметрлері кез келген тілдің, соның ішінде ұлт тілдерінің өміршеңдігін қамтамасыз етуге қатысты жасалатын «оңтайлы» іс-шаралар кешенін қамтиды. Осы тұрғыдан пуризмнің жағымды тұстары бар деп саналады. Бұндай шаралар кешенінің жүзеге

асыру мақсатында әлемдік тілдерде «руссификация», «испанизация», «украинизация» деп аталатын әлеуметтік лингвистикалық ұғымдар қалыптасты. Жалпы ғылыми аталым ретінде «руссификация» бірнеше мәнде жұмсалуды мүмкін. Солардың бірі қазіргі таңда пайда болған түрлі технологияларды, электронды құрылғылар мен электрондық бағдарламалардың интерфейстерін орыс тіліне аударудағы сапаны қамтамасыз ету мәселесімен байланысты болса, тағы бір бағыты – кірме сөздерді орыс тілінің фонетикалық, морфологиялық және грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қазақ тілінің өміршеңдігін сақтау мақсатында жоспарланған және жүзеге асырылған іс-шаралар кешені тұтастай алғанда «қазақыландыру» ұғымын қалыптастырды. Лексикалық қордың жаңғыруында сыртқы әсерлердің ықпалы айқын байқалады. Ұлттық тілдің лексикалық жүйесіне ықпал ететін басты сыртқы әсер – шет тілдік атаулар, кірме сөздер. Бұндай сыртқы әсерге қарсы тұратын ұлт тілінің басты иммунитеті – төл тілдің ішкі әлеуеті; өз ресурстарын пайдалану арқылы шет тілдік атауларды бейімдеу (аудару, калькалау, балама нұсқа табу (Мемлекеттік бағдарлама, 2019)) – қазақыландыру.

Қазақыландыру – Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға байланысты пайда болған жаңа термин. Бұл термин қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру, білім беру, заң және сот ісі салаларына белсенді енгізу мүдделерінде тілдің төл әлеуетін сарқа пайдалану деген ұғымды білдіреді. Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – тілден тыс және тілдік ішкі факторлардың ықпалымен жаңа зат, ұғым, түсінік, құбылыс атауларын беру үшін белгілі бір тілдің жаңа сөз жасайтын әдіс-тәсілдері арқылы пайда болған жаңа атау (дара номинация), күрделі сөз, сөз тіркесі.

Тіл саясаты бойынша нормативтік-құқықтық актілерде «тілдің ішкі әлеуеті; тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану» деген ұғымдар аталады. Саяси және лингвистикалық мәнге ие аталған түсініктер бұрын өзге тілдік норма болған атауларды қазақыландыру деген терминмен тығыз байланысты.

«Қазақыландыру» термині абсолютті түрдегі монотілді органы қалыптастыруды мүлде көздемейді, бұл терминнің мәні – қазақ тілінің өміршеңдігін сақтау, көптілді қоғамда

қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның коммуникативтік кеңістігін кеңейту мақсаттарында жүзеге асырылатын іс-шара – мүмкіндігінше тілдік семантикалық ерекшеліктерді ескере отырып, ғылыми-техникалық, күнделікті тұрмыстық атаулардың қазақша баламасын – қазақыландырылған лексикалық жаңалық жасау дегенді білдіреді. Қазақыландыру – әлеуметтік лингвистика саласында қалыптасқан ұғым.

Саяси лингвистикалық мәнге ие болып отырған «тілдің ішкі әлеуетін / мүмкіндіктерін сарқа пайдалану» деген ұғым:

а) байырғы төл сөздердің семантикасын жаңғырту;

ә) жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексиканың семантикалық мүмкіндіктерін ғылым тілінде игеру;

б) сирек қолданылатын және көнерген сөздердің референциалды мағыналарын қайта жаңғырту;

в) сөзжасам нысандарының ұлттық болмысты анық бейнелейтін түрлерін жаңа атаулар жасауда белсенді ету дегенді білдіреді.

Тілдің ішкі әлеуеті туралы нақтылай түссек, оны жаңа атауларды берудегі калька тәсілімен – мағыналық-құрылымдық сөзбе-сөз аудару арқылы жасау жолымен қатар қолдануға болмайды. Тілдің ішкі әлеуеті – ұлттық болмысты, ұлттық-мәдени ерекшелікті бейнелейтін лексикалық қор, ал сөзбе-сөз балама жасау кезінде қалай болғанда да басқа тілдің құрылымдық-типологиялық сипаты айқын байқалып тұрады.

1991 жылдан бері қарай қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында белсенді өзгерістер байқалды. 1970 жылдар тұсында қазақ тілінің лексикалық құрамында орыс тілі арқылы енген ғылыми аталымдар жалпы сөздік байлықтың 80%-ын құрайтындығы аталған болатын (Развитие, 1980), міне, осы пайыздық көлемдегі барлық аталымдарды қазақыландыру үдерісі ілгері шығарылды. Соның нәтижесінде ғылыми-техникалық аталымдармен қатар әлеуметтік-тұрмыстық, күнделікті-тұрмыстық ұғым-түсініктердің, заттар мен құбылыстардың қазақша атаулары пайда болды. Төл тілдің ішкі мүмкіндіктеріне негізделген көптеген екітілді сөздіктер жарияланды, әртүрлі семантикалық мазмұндағы бірқолданыстық, кейде жасанды сипаттағы жаңа тілдік бірліктер ұсынылды. Нақты айтқанда, қазақ әдеби тілінің сөздік құрамында лексикалық жаңалықтар саны мен

сапасы жағынан алдыңғы кезеңдерге (бұдан 30 жыл бұрынғы мерзіммен салыстыра қарағанда) анағұрлым молайды. Алайда ғылым мен техника салаларына байланысты пайда болған жаңа аталымдар жазба нұсқаларда ғана көрініс береді. Әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық салалардағы қазақыландырылған жаңа аталымдардың көптілі қоғамдағы тілге енуі соншалықты белсенді емес. Көптеген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың *тіл жүйесі – сөйленіс – узу* үштігіндегі орналасуы бірдей емес.

Қазақыландыру жүйе ретінде қазақ тілінің даму динамикасына саналы көзқарас, нысаналы әрекет арқылы ықпал ету дегенді білдіреді. Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – аталған сыртқы ықпалдардың нәтижесінде тіл жүйесінде пайда болған жаңа элементтер.

Демек, қазақыландыру мен пуризм арақатынасынан туатын «жағымды» белгілерді қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға қатысты былайша топтастыруға болады:

– сөзжасам моделінің барлық мүмкіндіктерін жан-жақты игеру;

– тілдің ішкі әлеуетін (қазақ тілі лексикалық байлығының семантикалық мүмкіндіктерін және кәсіби лексика, көнерген сөздер, диалектизмдер, ауызекі тіл үлгілерін) ғылыми-техникалық аталымдар мен жаңа атаулар жасау ісінде сарқа пайдалану;

– тілдегі лексикалық жаңалықтарға байыпты ғылыми талдау жасау;

– қазақ тілінің бірізділігі мен тиісті стандарттарға келтірілуін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру;

– шетел тілінен енетін терминдерді ұлт тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеудің ұстанымдарын басшылыққа алу;

– қазақ тілінің лексикалық құрамын қазақыландыру арқылы жаңғыртуды одан әрі жалғастыру.

Бұл аталған белгілер қазақ тілінің сөздік жүйесіндегі қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға қатысты тіл иелерінің шоғырлану үдерістерін синергетикалық қағидалар арқылы талдаудың, бағалаудың пәнаралық мүмкіндіктерін ұсынады.

### Нәтижелер мен талқылау

Субъективті шкалалау әдісінің эмпирикалық деректерге қол жеткізудегі тиімділігін осыған ұқсас басқа да әдістерден көруге болады.

Мұндай әдістерді субъективті шкалалаудың модификацияланған түрлері деп те атайды. Солардың бірі – семантикалық дифференциал әдісі. Бұл әдіс сандық тұрғыдан ғана емес, сапа тұрғысынан да сөз мағынасына қатысты жеке адамның субъективті семантикалық түсінігін, пайымын анықтауға мүмкіндік береді. Американдық психолог Черльз Осгуд алғаш рет ұсынған семантикалық дифференциал әдісі термин, нысана, оқиға, әрекет, идея және т.б. қатысты коннотативті мағынаны рейтинг арқылы шкалалауға бағытталған. Шкалалауға негізделген басқа әдістерден ерекшелігі семантикалық дифференциал әдісі адамның нысанаға қатысты ассоциацияларын, уәжін, эмоциясын, қарым-қатынасын өлшеуге мүмкіндік береді. Ч. Осгуд семантикалық дифференциал әдісінде жеті балдық шкаланы қолданған (-3; 0; +3). Мұндағы 0 – бейтарап нүкте. Қазіргі таңда бұл әдіс әлеуметтік және мінез-құлық нысаналарын масштабтаудың стандарт әдісі ретінде психологияда, лингвистикада, әлеуметтануда, маркетингтік зерттеулерде және эмпирикалық бағыттағы басқа да салаларда қолданылады (Ploder, 2015). Семантикалық дифференциал әдісінің субъективті шкалалау өте ұқсас, бірақ эксперимент мазмұны мен құрылымында бірқатар айырмашылықтар бар.

Алайда қазақ тілінде пайда болған қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға қатысты тіл иелерінің субъективті бағасын білу мақсаты көзделгендіктен, зерттеу барысында субъективті шкалалау әдісі қолданылды. Жоғарыда аталған зерттеудің мақсатына сәйкес субъективті шкалалау әдісін қолданудың тиімділігін нақтылай түссек:

- біріншіден, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – қазақ тілінің табиғи, ашық жүйе екенін танытатын бірден-бір динамикалық көрсеткіш;

- екіншіден, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл жүйесіндегі «тағдыры» қазақ тілінің төл иелері үшін ана тіліне қатысты саналы әрекетін, вербалды коммуникациядағы нысаналы қолданысын қажет етеді;

- үшіншіден, сөздік қорды қазақыландыру үдерісі қазақ тілінің қазақстандық тілдік кеңістегі қолданыс аясын кеңейту, тілдің ауызша және коммуникациядағы белсенділігі мен беделін арттыру, тілге деген сұранысты ұлғайту мүдделерін көздейді;

- төртіншіден, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар тіл иелерінің қазақ тіліне

саналы көзқарасын қалыптастыратын, ұлт тілін жеке адамның базалық құндылық ретінде қабылдауына ықпал ететін маңызды фактор;

- бесіншіден, осы аталғандарға сәйкес субъективті шкалалау – *тіл жүйесі* мен оның дамуына ықпал ететін қуатты сыртқы фактор – *тіл иесінің* арақатынасын шартты өлшемдер арқылы анықтауға мүмкіндік беретін эмпирикалық әдіс;

- алтыншыдан, субъективті шкалалау әдісін жүзеге асыру респонденттердің жауаптары бойынша қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар туралы қоғамдық санадағы түсінік – қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарды *қабылдау/қабылдамау* ұстанымдарын анықтауға және қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Алдыңғы тараушада аталғандай, ассоциативтік экспериментке барлығы 822 респондент қатысып, сауалнама мазмұнына 100 қазақыландырылған лексикалық жаңалық енгізілген болатын. Эксперимент нәтижесінде лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативті-вербалды желілері анықталып, олардың сандық-сапалық көрсеткіштеріне сәйкес тіл жүйесіндегі өміршеңдік әлеуетіне қатысты тұжырымдар жасалды. Зерттеудің келесі сатысы – субъективті шкалалау әдісіне негізделген экспериментке барлығы 195 респондент қатыстырылды.

Әдетте субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілетін зерттеудің мазмұнын «стимул сөз» бен оған қатысты «градуалды шкала» құрайды. Ассоциативтік эксперимент нәтижелерінің шынайылығын нақтылай түсу үшін жүзеге асырылған субъективті шкалалау әдісі бойынша сауалнама мазмұны екі бөлімнен тұрады:

#### 1) Төлқұжаттық бөлім:

- *ұлты*: қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 2 (1%); қырғыз – 1 (0,5%);

- *әкесінің ұлты*: қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 2 (1%); басқа – 1 (0,5%);

- *анасының ұлты*: қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 1 (0,5%); орыс – 1 (0,5%); басқа – 1 (0,5%);

- *туған жылы*: 1970 жыл мен 2008 жыл аралығында дүниеге келген азаматтар; 14-52 жас аралығы;

- *туған жері*: Қазақстанның әртүрлі аймағынан және Өзбекстаннан;

- *жынысы*: әйел – 187 (95,9%); ер – 8 (4,1%).

- *білімі*: аяқталмаған жоғары (студент) – 156 (80%); жоғары – 34 (17,4%); орта – 5 (2,6%);

- *қазақ тілін білу деңгейі*: жетік – 128 (65,6%); еркін – 63 (32,3%); орта деңгей – 3 (1,5%); қарапайым деңгей – 1 (0,5%);

– *орыс тілін білу деңгейі*: жетік – 21 (10,8%); еркін – 73 (37,4%); орта деңгей – 71 (36,4%); қарапайым деңгей – 30 (15,4%);

– *мамандығы*: гуманитарлық ғылым салалары – 195 (100%).

**2) Негізгі бөлім:**

Нұсқаулыққа сәйкес респондент алты деңгейлі (5, 4, 3, 2, 1, 0) градуалды шкалаға негізделген сандық көрсеткіштердің көмегімен стимул сөзге – қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға әлеуметтік құбылыс ретінде өзіндік бағасын береді: «5» – өте жақсы; «4» – жақсы; «3» - бейтарап; «2» – орташа; «1» – орташадан төмен; «0» – төмен деген сандық көрсеткіштер арқылы өзіндік бағалауын, қарым-қатынасын, көзқарасын білдіреді. Субъективті шкалалау әдісі бойынша ассоциативті эксперимент сауалнамасына енген стимулдардан 13 сөз іріктеліп алынды. Бұл лексикалық жаңалықтар – күнделікті тұрмыста, еңбек нарығында, ақпараттық-технология саласында жиі қолданылатын, актуалды біріліктер. Стимул сөздер ретінде берілген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың орыс тіліндегі баламалары қатар ұсынылды. Шеттілдік баламалар – қазақ тіліндегі ауызша және жазба коммуникацияда қолданыс жиілігі жоғары немесе қазақыландырылған баламасымен бірте-бірте вариант ретінде жарыспалы түрде қолданыла бастаған сөздер. Ұсынылған стимул сөздер: *ТИНТУІР – мышка; ЗИЯПАТ – банкет; БЕДЕЛ-БЕЙНЕ – имидж; ЖЕЛКӨЗ – форточка; ҚОСЫМҚОР – резерв; ТАНЫСҚЫ – визитка; МӘУЕСЕК – щетка; ШАМДАЛ – люстра; НӘРСУ – компот; ҰЙЫҚ – носки; БЕСІКАРБА – коляска; ЖАЯУЖОЛ – тротуар; ОРЫНТАҚ – кресло.*

Ассоциативтік эксперимент нәтижелері бойынша бұл сөздердің менталды лексикондағы

ассоциативті-вербалды желілері көпторапты (орысша *узел* – қазақша *торап*). Ескеретін жайт, *тінуір, жаяужол* деген атаулар тіл иелері үшін біршама таныс, семантикалық байланыстары айтарлықтай кең. Ал *бесікарба, бедел-бейне, нәрсу, орынтақ, қосымқор, танысқы, желкөз* деген қазақыландырылған атаулардың тіл иелері үшін семантикалық жақтан айқындылығы олардың менталды лексиконында орнығуына біршама мүмкіндік береді, алайда нақты емес. *Шамдал, зияпат* сөздерінің семантикалық жақтан әлсіздігі менталды лексикондағы ассоциативті-вербалды желіге енетін бірліктердің шектеулі екенін көрсетті.

Алынған ассоциативтік-вербалды желілердің шынайылығын растау мүддесінде және тіл иелерінің қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға деген субъективті көзқарасын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелері төмендегідей эмпирикалық деректерді ұсынды.

**ТИНТУІР – мышка.** *Тинтуір* – орыс тіліндегі «мышка», ағылшын тіліндегі «mouse» сөзінің баламасы; компьютердің бір құрылғысы. 2011 жылы жарияланған Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «тинтуір – зат. инф. «ағыл. mouse»; қолмен ұстап басқара отырып экрандағы меңзерді қозғалтатын, кішкене компьютер құрылғысы, жүгіртпе» (Сөздік, 2011, 14-том). 2014 жылғы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «тинуір – зат. қолмен қозғап, компьютерді іске қосатын тетік» (Сөздік, 2014). *Тинтуір* сөзінің түбірі – *тинту* – ақтарып, төңкеріп қарау, бір нәрсені іздеу» (Сөздік, 2011, 14-том). Тұйық етістікке жалғанатын *-ір* қосымшасының зат есім тудыру қызметі өнімсіз, өйткені бұл – қазақ тілінде *сұңғуір, ұңғуір* деген санаулы сөздерде ғана кездесетін сөзжасамдық модель.

**1-кесте** – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «тинтуір» сөзіне алынған нәтижелер

Қазақыландырылған лексикалық жаңалық және орыс тіліндегі баламасы	Градуалды шкала	Сандық нәтижелер	Пайыздық нәтижелер
1	2	3	4
<b>ТИНТУІР – мышка</b>	<i>5 – өте жақсы</i>	<b>90</b>	<b>46,2%</b>
	<i>4 – жақсы</i>	43	22,1%
	<i>3 – бейтарап</i>	25	12,8%
	<i>2 – орташа</i>	20	10,3%
	<i>1 – орташадан төмен</i>	<b>8</b>	<b>4,1%</b>
	<i>0 – төмен</i>	9	4,6%

Субъективті шкалалау нәтижесі бойынша респонденттердің 46,2 %-ы *тінтуір* сөзіне «өте жақсы» деген көзқарас білдірсе, ең азы 4,1%-ы «орташадан төмен» деп бағалаған. Бұл нәтиже *тінтуір* сөзінің қазақ тіліндегі ауызша және жазба коммуникациядағы қолданысының кеңейгендігін, тіл иелерінің сөзқолданысына біртіндеп еніп, «қабылдаймын / қабылдамаймын» немесе «дұрыс» / «дұрыс емес» поэзиясы тұрғысынан оң бағаланатындығын көрсетеді. Ассоциативтік-вербалды желісі бойынша *тінтуір* сөзіне алынған реакциялардың басым бөлігі семантикалық өріс тұрғысынан құрылғының қызметімен, яғни компьютерлік технологиямен байланысты бірліктерді қамтиды. Осымен байланысты лексикографиялық еңбектерде тіркеліп, нормалана бастаған *тінтуір* сөзінің тіл иелерінің менталды лексиконында өзіндік позициясын айқындау мүмкіндігін жоғары деп бағалауға болады.

**ЗИЯПАТ – банкет.** *Зияпат* сөзі – орыс тіліндегі *банкет* сөзінің баламасы ретінде ұсынылған лексикалық жаңалық. Лексикографиялық дереккөздерде *зияпат* сөзіне мынадай түсінік берілген:

– 1997 жылғы Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «зияпат – сый-сияпат, құрмет; қонақ асы» (Сөздік, 1997);

– 2005 жылы жарияланған Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде «зияпат – (қарақалпақ) отырыс, кеш; белгілі бір адамдардың бірін бірі кезекпен шақырысып отыруы» (Сөздік, 2005);

– 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағында «зияпат – *араб.* құрмет» (Бабалар сөзі, 2007);

– «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «зияпат – *зат. жаңа.* банкет» (Сөздік, 2014);

– 2011 жылы жарыққа шыққан іргелі еңбек – Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «зияпат – *зат. есім.* «франц. banquet» сый-сияпат, құрмет, қонақасы» (Сөздік, 2011, 7-том).

**2-кесте** – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «зияпат» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>ЗИЯПАТ – банкет</b>	5 – өте жақсы	29	14,9%
	4 – жақсы	29	14,9%
	3 – бейтарап	<b>46</b>	<b>23,6%</b>
	2 – орташа	36	18,5%
	1 – орташадан төмен	<b>26</b>	<b>13,3%</b>
	0 – төмен	29	14,9%

Тіл иелерінің менталды лексиконында *зияпат* сөзінің ассоциативтік-вербалды желісіне енетін бірліктердің лексикографиялық дереккөздердегі семантикасымен сәйкестік дәрежесі төмен. *Қонақ* немесе *банкет* сөздерімен сәйкестендіру көрсеткіші аз; *зияпат* және *сияпат* сөздерінің дыбыстық ұқсастығына қарай тану да кездеседі. Алайда *зияпат* сөзінің құрамындағы *зия-* деген дыбыс тіркесі *зиян* сөзіне сәйкес келетіндіктен, алынған реакциялардың қатарында *кесір, қауіп, зиян, қате* деген бірліктер бар. Алынған қате реакциялардың басым болуы *зияпат* сөзінің менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісі әлі де дұрыс бағытта қалыптасып үлгермеген деп бағалауға себеп болып отыр. Бұл қорытындыны субъективті шкалалау нәтижесі де дәлелдей түседі. Ең көп 46 респондент (23,6 %) «бейтарап» көзқарас танытса, ең аз 26 респондент (13,3%) «орташадан төмен» деген жауапты таңдаған. Бұл көрсеткіштер *зияпат*

сөзінің орыс тіліндегі *банкет* деген атаудың қазақыландырылған баламасы ретінде тіл иелерінің менталды лексиконына ену әлеуеті біршама төмен екендігін байқатады. Бұның басты себебі – *банкет* сөзінің ауызша және жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігі әлі де жоғары болуы және қазақтың дәстүрлі танымында қонаққа сый-сияпат жасау, қонаққа шақыру рәсімдерімен қатысты *қонақасы, той, садақа, үйлену тойы, бесік той, шілдеhana, тұсаукесер, тілашар, қоныс той, мерей той* және т.б. атаулардың нормалық дәрежесіне байланысты *зияпат* сөзіне «қажеттіліктің» / «сұраныстың» төмендігі.

**БЕДЕЛ-БЕЙНЕ – имидж.** *Бедел-бейне* деген терминдік тіркес ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы тарапынан жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласы бойынша бекітілген. Маркетолог сөздігінде берілген түсіндірмеге сәйкес, *имидж* – «это образ



компания или продукта, который закрепляется в сознании аудитории и вызывает конкретные ассоциации. Так пользователи могут оценивать репутацию компании или продукта. Имидж помогает повысить лояльность и вызывает эмоциональный отклик у аудитории» (Словарь маркетолога). Осы анықтамаға сүйенсек, *имидж* сөзінің семантикасында «*белгілі бір нысананың бейнесіне сәйкес қалыптасқан бейне*» деген түсінік бар. Қазақ әдеби тілінің сөздігі және басқа да лексикографиялық деректерде *бедел-бейне* сөзі неологизм ретінде әлі де тіркелмеген. Алайда, атап өткеніміздей, Терминком тарапынан бекітіліп, бұқаралық ақпарат пен басқа да әлеуметтік желі жазбаларында қолданысқа түсе бастағанын байқауға болады: *Бүгін біз мемлекеттік қызметтің әлеуметтік институт ретіндегі корпоративтік бедел-бейнесінің қалыптасуының куәгерлері болып отырмыз; Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы қызметін модернизациялау заманауи ұстаздың бедел-бейнесін қалыптастыруға тікелей байланысты (Интернет ресурстарынан).*

Қазақыландырылған атау ретінде ұсынылған *бедел-бейне* сөзінің семантикалық көлемі *имидж* сөзінің мағынасын толық қамти алады. Лексикографиялық қайнаркөздерде *бедел* және *бейне* сөздеріне берілген түсіндірмелер бұған дәлел бола алады.

**Бедел:**

– белгілі бір адамның, топтың, қоғамдық ұйымның, әлеуметтік институттың жалпы жұрт қабылдаған, мойындаған қабілеті мен еңбегі. Беделдің ресми және бейресми түрлері болады. Бедел алдын ала белгіленіп қойған, маңдайға

жазылған нәрсе емес, әлеуметтік қызмет барысында қалыптасады (Сөздік, 2007);

– (латынша *autoritas* – қадір-қасиет, күш-қуат, билік) адамның жалпы жұрт таныған қадір-қасиеті, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет (Сөздік, 1996);

– ұжымдық топтың, қоғамдық ұйымның, әлеуметтік институттың қабылдап, мойындаған абыройы, қабілеті мен еңбегінің жиынтық атауы (Энциклопедия, 2011, 1-том).;

– *зат. қог.* (лат. *auctoritas* – өкімет, биік, ықпал) белгілі бір адамның, әлеуметтік институттың нақты қадір қасиетіне, сіңірген еңбегіне орай жалпы жұрт таныған абырой-атағы (Сөздік, 2011, 3-том).

**Бейне:**

– тұлға, мүсін, тұрпат, түр, сурет, кескін, көрініс, белгі (бинаның түпкі мағынасы өзгере келіп, ол қазақ тілінде көрсетілген мағыналарға ие болған) (Сөздік, 2010);

– 1. *зат.* Кескін-келбет, түр-тұрпат, тұлға. 2. Мүсін, кескін, сурет, пішін, көрік; 3. *псих.* Дүниедегі заттардың, жануарлар мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуінен қалған із, таңба, өзгеріс. 4. *әдеб.* Өмірді сөз өнері арқылы бейнелеп берудің құралы мен пішімі ретіндегі эстетикалық категория, көркем шығарма яки ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, образ, тұлға. 5. *ауыс.* Көрініс, кейіп, бедер (Сөздік, 2011, 3-том);

– *зат.* тұлға, кескін-келбет, тұрпат (Сөздік, 1988).

Орыс тіліндегі *имидж* сөзіне ұсынылған қазақыландырылған *бедел-бейне* деген атауға қатысты тіл иелерінің субъективті бағалаулары мынадай:

3-кесте – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «бедел-бейне» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>БЕДЕЛ-БЕЙНЕ – имидж</b>	5 – өте жақсы	42	21,5%
	4 – жақсы	<b>53</b>	<b>27,2%</b>
	3 – бейтарап	37	19%
	2 – орташа	33	16,9%
	1 – орташадан төмен	<b>14</b>	<b>7,2%</b>
	0 – төмен	16	8,2%

Респонденттердің жауаптарына сәйкес ең көп көрсеткіш – 27,2% «жақсы» деген баға берсе, 21,5% «өте жақсы» деген белгілеген. Ал ең төменгі көрсеткіш бойынша 14 респондент (7,2%) «орташадан төмен» деп бағалаған.

Ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне сәйкес алынған реакциялар *бедел-бейне* сөзі *имидж* атауының баламасы ретінде семантикалық жақтан да, эстетикалық тұрғыдан да тіл иелерінің сұранысын қанағаттандыруға әлеуетті.

*Бедел-бейне* сөзіне байланысты менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желілердің дұрыстығын, семантикалық тораптардың сәйкестігін субъективті шкалалау бойынша алынған нәтижелер де растайды. Демек, менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желілеріне және тіл иелерінің субъективті бағалау нәтижелеріне сәйкес шеттілдік *имидж* атауының қазақыландырылған атауы – *бедел-бейне* деген лексикалық жаңалықтың тіл жүйесіне ену және тұрақтану мүмкіндігі айтарлықтай жоғары деп бағалауға болады.

**ЖЕЛКӨЗ – форточка.** Күнделікті-тұрмыста жиі қолданылатын орыс тіліндегі атаулардың бірі – форточка. Орыс тіліндегі форточка – «(нем. Pförtchen — «воротца», «дверки», через польск. forta, förtka) — открывающаяся самостоятельно верхняя или нижняя часть створки оконного переплёта, прикрепленная на петлях к обвязке створки» (Википедия). Ғимараттағы терезенің бір бөлшегі ретінде «форточка» бөлмені желдету мақсатында қолданылады. Желкөз – дәстүрлі сөздік қорда бар сөз. Желкөз – көзі үлкен-үлкен етіп жасалған кереге (Энциклопедия, 1997); *зат*. Үлкен көзді кереге. Кішкене көзді керегені торкөз дейді (Сөз – сандық, 2013); *зат есім. этнографиялық*. Көзі үлкен-үлкен етіп жасалған кереге (Сөздік, 2011, 6-том). Қазақ әдеби тілінің сөздігінде желкөз этнографиялық атау ретінде тіркелген, ал форточка сөзінің баламасы ретінде Терминком тарапынан 2000 жылы бекітілген. Алайда *желкөз форточка* мағынасында өткен ғасырдың 70-ші жылдарында қолданылғандығын көрсететін

дерек бар. Ғалым Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» деп аталатын еңбегінде мынадай түсінік берілген: желкөз – *зат*. Терезенің жел кіретін көзі, желдеткіш. *Иә, көгілдір көктем де келді, – деді ол кабинет терезесінің желкөзін ашып. – Таза ауа еңсін* (Лен. жас, 12. 04.1977, 4). Демек *желкөз* – қазақ тілінің байырғы сөздік қорында кездесетін, қазақ мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне тән заттық ұғымды білдіретін атау, ал форточка сөзінің баламасы ретінде өткен ғасырда бұқаралық ақпарат құралдарында бірқолданыс түрінде пайда болып, кейін ресми түрде *форточка* сөзінің қазақыландырылған баламасы ретінде бекітілді.

*Желкөз* атауының «жел кіретін терезенің «көзі» деген семантикасы ұғымдық жақтан айқын болғанмен, қазақ тілді ауызша және жазба коммуникацияда форточка нұсқасының қолданысы әлі де басым. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде желкөз сөзіне алынған реакцияларға назар аударсақ, ассоциативтік-вербалды желісіне енетін бірліктердің семантикалық сипаты әралуан. Жауаптар қатарында күрделі сөздің құрамындағы «жел» және «көз» деген бірліктермен қатар, байырғы мағынасына қатысты «кереге», «киіз үй», «уық» деген реакциялар да кездеседі. Ал «білмеймін» деген жауап орыс тіліндегі «форточка» атауына қарағанда әлдеқайда көбірек. Бұндай нәтижелер *желкөз* атауының тіл иелерінің қолданысындағы төмен деңгейін, сәйкесінше менталды лексикондағы нақты позициясы айқын емес екендігін танытады. Бұл тұжырымды субъективті шкалалау бойынша алынған қорытындылар да растай түседі.

**4-кесте** – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «желкөз» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>ЖЕЛКӨЗ – форточка</b>	<i>5 – өте жақсы</i>	43	22,1%
	<i>4 – жақсы</i>	34	17,4%
	<i>3 – бейтарап</i>	<b>45</b>	<b>23,1%</b>
	<i>2 – орташа</i>	31	15,9%
	<i>1 – орташадан төмен</i>	<b>21</b>	<b>10,8%</b>
	<i>0 – төмен</i>	<b>21</b>	<b>10,8%</b>

Субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілген эксперимент қорытындысына сәйкес, респонденттердің 23,1%-ы «бейтарап» көзқарасты ұстанса, қатысушылардың 10,8%-ы «орташадан төмен» және 10,8%-ы «төмен» деп бағалаған. Бұл көрсеткіштердің бірнеше нақты себептері бар, олардың бірқатары мыналар: орыс

тілі элементтерінің ауызша коммуникациядағы автоматты дәрежесінің сақталуы; сәйкесінше жеке адамның менталды лексиконындағы шеттілдік атаудың позициясы ядрода болуы; қолданыс жиілігінің әлдеқайда төмен болуы; байырғы лексикалық қорда болуына қарамастан, қазақыландырылған баламаны қазіргі тіл иелері-

нің қабылдауы үшін танымдық, эстетикалық, ұғымдық, семантикалық, дыбыстық жақтан кедергілердің болуы. Осылайша менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желіге енетін бірліктердің желкөз сөзінің семантикасынан алшақ болуын «бейтарап» көзқарастың қалыптасуы арқылы растауға болады.

**ҚОСЫМҚОР – резерв.** Орыс тіліндегі *резерв* сөзінің қазақыландырылған баламасы ретінде *қосымқор* атауы Термиком тарапынан медицина және экология салалары бойынша бекітілген. *Резерв* (француз тілінде *reserve*; латын тілінде *reservare* – жинақтау, сақтау) – 1. Қажеттілік туған жағдайда алынатын қор; 2. Жаңа құралдар, күш алынатын қайнаркөз (Википедия (ж/ә). *Қосымқор*: түбірі – «қос» – *ет*. Бір нәрсені екінші бір нәрсемен біріктіру (Сөздік 2011, 10-том) + «-ым» – етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ + «қор» – *зат*. 1. Мол болып жиналған қазына, дәулет. 2. Әлі игеріле қоймаған табиғи байлық (Сөздік 2011, 10-том).

Ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне сәйкес, тіл иелерінің менталды лексиконындағы қосымқор сөзімен байланысты ассоциациялар *қор, ақша, қаражат, банк, депозит, инвестиция, пайыз, кіріс, пайда* сияқты қаржы саласына қатысты бірліктермен қатар, орыс

тіліндегі *фонд, запас, резерв* деген жауаптарды қамтиды. «Білмеймін» деген жауап нұсқаларын көрсетушілер де кездеседі. Эксперимент нәтижесіне қарасақ, *қосымқор* сөзі тіл иелері үшін мағынасы жағынан біршама айқын, өйткені *қосу* және *қор* деген екі сөз де қазақ тілді адамның негізгі сөздік қорында бар екеніне еш күмән жоқ. Алайда *қосымқор* деген атауды тіл иелерінің тануындағы басты кедергі – *резерв* сөзінің ауызша және жазба коммуникациядағы белсенді қолданысы. Тіпті қосымқор сөзі термин ретінде бекітіліп, бірқатар электронды сөздіктерді ғана тіркелген, ал бұқаралық ақпарат құралдарындағы ресми хабарларда және заңнамалық құжаттарда *резерв* сөзі әлі де қолданыста қалып отыр: *Президент жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның шешіміне сәйкес Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған 50 адамның есімдері жарияланды* (Егемен Қазақстан) газеті, 28 желтоқсан, 2021); *Кадр резервіне алу үшін кандидаттарды іріктеу үш жылда бір рет жүргізіледі* (Заңнамалық құжат).

Субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелерін назарға алсақ, қосымқор атауының тіл жүйесіне енуі әлеуетін тіл иелері төмендегідей бағалаған:

5-кесте – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «қосымқор» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>ҚОСЫМҚОР – резерв</b>	5 – өте жақсы	27	13,8%
	4 – жақсы	46	23,6%
	3 – бейтарап	41	21%
	2 – орташа	36	18,5%
	1 – орташадан төмен	25	12,8%
	0 – төмен	20	10,3%

Респонденттердің 23,6%-ы «жақсы» және 13,8% «өте жақсы» деп бағаласа (73 қатысушы), 12,8%-ы «орташадан төмен», 10,3%-ы «төмен» деп көрсеткен (45 қатысушы); 21%-ы «бейтарап» көзқарас ұстанса, 18,5%-ы «орташа» деп бағалаған (77 қатысушы). Сандық деректерге сәйкес, «бейтарап» және «орташа» деп бағалаушылардың қосындысы басқаларынан басым. Демек, *қосымқор* сөзінің *резерв* атауының баламасы ретінде тіл жүйесіне ену әлеуетін орташа деп тануға болады. Атап өткеніміздей, бұның басты себебі қолданыс жиілігінің төмендігі. Алайда заңнамалық,

ресми құжаттардың қазақша нұсқаларында, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданысқа енгізіп, жиілігін арттыру арқылы *қосымқор* сөзінің *резерв* атауының қазақыландырылған баламасы ретінде тіл жүйесінде нормалану әлеуетін көтеруге болады. Өйткені тіл иелерінің танымдық, эстетикалық, семантикалық жақтан қабылдауына ешқандай кедергі жоқ.

**БЕСІКАРБА – коляска.** Күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын орыс тіліндегі атаулардың бірі – *коляска*. Ал тұрмыстық бұйым ретінде қазақ мәдениетінде *бесік* ерекше орын алатыны белгілі. Алайда *бесік* пен *колясканың*

қызметі екі түрлі. Бесік баланы жатқызуға, ұйқтатуға арналған және үздіксіз тасымалдауға болмайды. *Колясканың бесіктен айырмашылығы* – баланы жатқызып қана қоймай, отырғызуға және тасымалдауға ыңғайлы болуы. Алайда қазақы танымда тасымалдау қызметін атқаратын құрал – *арба*. Мәдениетімізде арбаның әралуан түрлер бар және мақсатына қарай атқаратын қызметі де түрліше. Арба — ертеде әскери көлік ретінде қолданылған, кейін жол жүруге, жүк тасуға, сондай-ақ уақытша жылжымалы тұрғынжай ретінде пайдалануға арналған көне көлік түрі (Википедия).

Бесікарба – қазақы танымға тән, эстетикалық жақтан жағымды әсер беретін атау. Бұған ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған

реакциялар да дәлел болады. Респонденттердің басым көпшілігі *коляска* деген жауапты ұсынған, сонымен қатар *бесік, сәби, арба, төсек, ұйқтату* деген сияқты реакциялар да көп кездеседі. Сондай-ақ *бесік* әрі *арба* қызметін атқаратын *колясканың* баламасы ретінде *бесікарба* атауы жазба коммуникацияға түсе бастады: *Бүгінгі нарықта бесікарбалардың түр түрі бар (Әлеуметтік желі жазбаларынан); Стамбул әуежайында тегін бесікарба қызметі басталды (Интернет желісі); Үшемдердің ата-анасына бесікарба сыйлады («Ақтөбе» газеті, 2 маусым, 2022).*

*Бесікарба* сөзінің тіл жүйесіндегі позициясын тіл иелері тарапынан берілген субъективті бағалаумен нақтылай түсуге болады:

**6-кесте** – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «бесікарба» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>БЕСІКАРБА – коляска</b>	<i>5 – өте жақсы</i>	<b>94</b>	<b>48,2%</b>
	<i>4 – жақсы</i>	59	30,3%
	<i>3 – бейтарап</i>	11	5,6%
	<i>2 – орташа</i>	21	10,8%
	<i>1 – орташадан төмен</i>	<b>5</b>	<b>2,6%</b>
	<i>0 – төмен</i>	<b>5</b>	<b>2,6%</b>

*Бесікарба* сөзіне сауалнамаға қатысушылардың 48%-ы «өте жақсы», 30,3%-ы «жақсы» деген баға берген. Ал «орташадан төмен» және «төмен» деп баға берушілер айтарлықтай өте аз. Ассоциативтік эксперимент нәтижелерін және тіл иелерінің субъективті бағалауын назарға алсақ, *коляска* сөзінің баламасы *бесікарба* – тіл жүйесінде аттрактор аймағына жетуге әлеуетті, тіл иесінің менталды лексиконында ядроға жету мүмкіндігі жоғары қазақыландырылған лексикалық жаңалық. Бұған жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігін арттыру мен тіл иелерінің ауызша коммуникациядағы саналы қолданысы арқылы қол жеткізуге болады.

**ТАНЫСҚЫ – визитка.** Орыс тіліндегі нұсқасы жиі қолданылатын сөздердің бірі – визитка – кәсіпкерлік және іскерлік салада жеке адамның немесе ұйымның байланыс ақпараттары жазылған дәстүрлі баспа өнімі. Қазақыландырылған *танысқы* сөзіндегі *-қы (-кі, -ғы / -гі)* жұрнағы – қазіргі қазақ тіліндегі өнімді жұрнақтардың бірі. Қазақ терминжасамында құрал-жабдық атауларын жасауда жиі қолданылады: *жамылғы (плащ), жұлғы (отры-*

*ватель), қиғы (пилюльцик), қондырғы (установка), құйғы (воронка), салғы (вставка), сорғы (насос), шомылғы (ванна), шапқы (зубило), жабысқы (вклейка), басқы (педаль), тамызғы (капельница), сіңіргі (пропитка), сындырғы (облом)* және т.б. 2013 жылы жарияланған сөздікте *танысқы* сөзіне мынадай түсіндірме берілген: таныстық үшін біреуге беру мақсатында тұлғаға қатысты ең керек мәліметтер жинақталған, қалыптасқан шағын ғана пішімде беттелген, аз данамен шығарылатын және таратылатын басылым (Баспа және полиграфия, 2013). Терминком тарапынан іс жүргізу және мұрағат ісі саласы бойынша *визит карточкасы* және *танысқы* сөздері вариант қатарлар ретінде бекітілген. Кейбір жазба нұсқаларда *есімхат* нұсқасы да кездеседі. Ауызша және жазба коммуникацияны салыстырғанда байқалғаны, жазба коммуникацияға танысқы сөзі біртіндеп ене бастаған: ***Танысқы*** – *адамдардың іскерлік қарым-қатынасының бөлінбес атрибуты; Түйіндеме, танысқы дайындауға қажетті тілдік құрылымдарды үйрету. Танысқы ұсыну әдебі (Интернет желісінен).*

Ассоциативтік эксперимент нәтижесі бойынша *танысқы* сөзіне алынған реакциялардың басым көпшілігі сөздің түбіріндегі *танысу* етістігімен байланысты. Орыс тіліндегі баламасы – *визитка* сөзі де реакциялардың қатарында бар, сондай-ақ «білмеймін» деген жауап та кездеседі. Алайда а) түбірдегі *танысу* етістігі мен сөз тудырушы *-қы* формантының грамматикалық мағынасы;

ә) сөздің дыбыстық (естілуі) жақтан жағымсыз әсер тудырмайтындығы; б) қазақы танымға жат сипатының болмауы *танысқы* сөзінің тіл жүйесіндегі нормалануы мен тіл иелерінің менталды лексиконына ену әлеуетін арттырады. Бұл тұрғыдан субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілген эксперимент қатысушыларының *танысқы* – *визитка* жұбына берген бағалары төмендегідей:

7-кесте – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «бесікарба» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>ТАНЫСҚЫ – визитка</b>	5 – өте жақсы	57	29,2%
	4 – жақсы	50	25,6%
	3 – бейтарап	34	17,4%
	2 – орташа	22	11,3%
	1 – орташадан төмен	19	9,7%
	0 – төмен	13	6,7%

*Визитка* сөзінің қазақыландырылған баламасы *танысқы* атауын «өте жақсы» деп бағалағандар – 29,2%; «жақсы» деген жауапты таңдағандар – 25,6% (жалпы 107 қатысушы); ал 6,7% респондент «төмен» деген баға берген. Демек *танысқы* сөзі тіл иелері тарапынан «қолдау тапқанын» көруге болады. Ең басты қажеттілік – лексикалық жаңалықтың жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігін арттыру және тіл иелерінің ауызша сөйлеудегі саналы қолданысы.

**МӘУЕСЕК – щетка.** Күнделікті тұрмыста ең жиі қолданылатын шеттілдік атаулардың бірі – *щетка*. *Щетка* сөзінің қазақ тілді әрбір адамның сөздік қорында бар екендігіне және менталды лексиконның ядро аймағында орналасқандығына күмән жоқ. Дегенмен қазақыландыру үдерісінде осы шеттілдік атаудың баламасы ретінде ұсынылған *мәуесек* сөзі Терминком тарапынан 2000 жылы бекітілгенімен, басқа лексикографиялық дереккөздерде тіркелмеген. Бұл сөзге қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында сын пікірлер де жарияланған (Мұсырман, 2021). Қазақ тілінің орфографиялық

электронды базасында ([www.emle.kz](http://www.emle.kz)) *мәуесек* сөзі бар. Заңнамалық құжатта да *мәуесек* сөзінің қолданысы кездеседі: *қыл тазалау – мәуесек бұйымдары* ([www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz) сайтынан).

Ассоциативтік эксперимент бойынша *мәуесек* деген стимул сөзге респонденттердің «өсек», «есек» деген жағымсыз мәндегі реакцияларды көрсетуі сөздің дыбыстық ерекшелігімен байланысты. Алайда *тіс щеткасы*, *щетка* деген де жауаптар кездеседі. Осыған қарамастан, «білмеймін» деген жауап нұсқаларының басым болуы ең алдымен, сөз мағынасының тіл иелері үшін түсініксіз болуымен, сөзді танымауымен түсіндіріледі. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, оқу-ағарту, жарнама, тауарлық белгі сияқты ақпарат көздерінде *щетка* сөзінің (әсіресе *тіс щеткасы*) қолданысы сақталып отырғандығын айта кету керек: *Sklaer тіс щеткасының ықшам басы әдетте щетканың басы жете бермейтін ең қиын жерлерді де тиімді тазалайды; Apple компаниясы шығарған жасанды қабілетке ие тіс щеткасы бүгінде нарықта сатылымға шыққан (Интернет желісінен).*

8-кесте – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «мәуесек» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>МӘУЕСЕК – щетка</b>	5 – өте жақсы	30	15,4%
	4 – жақсы	36	18,5%
	3 – бейтарап	37	19%
	2 – орташа	36	18,5%
	1 – орташадан төмен	25	12,8%
	0 – төмен	31	15,9%

Субъективті бағалау нәтижелеріне назар аударсақ, жауаптардың сандық көрсеткіші шамалас, ең көп жауап «бейтарап» нұсқасына тиесілі (19% – 37 қатысушы); ал «жақсы» және «орташа» жауаптары осымен шамалас (әрқайсысы – 18,5% – 36 қатысушы); «өте жақсы» және «төмен» жауаптарының сандық көрсеткіші жақын; ал «орташадан төмен» деген нұсқаны таңдағандар – 12,8% (25 респондент). Нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіші тіл иелерінің «мәуесек» сөзіне деген бейтарап қарым-қатынасын ұсынады. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың ұсынылуы мен бекітілуінде тіл иелерінің қабылдау / қабылдамау позициясына ықпал ететін факторларды ескеру аса маңызды. Осымен байланысты «мәуесек» атауының семантикалық жақтан айқын болмауы және дыбыстық ерекшелігінің жағымсыз әсер тудыруы сөздің тіл жүйесінде нормалануына және тіл иелерінің менталды лексиконында орнығуына кедергі келтіреді.

**ШАМДАЛ – люстра.** Ірі құрылыс саласында ғана емес, қарапайым тұрмыста кездесетін жиһаздар – люстра – (француз тілінде *lustre*, латын тілінде *lustrо* – жарықтандырамын) – бөлмені жарықтандыру үшін қолданылатын электрлік құрылғы. Терминкомның сәулет және құрылыс, көлік және қатынас жолдары салаларында шамдал атауы люстра сөзінің баламасы ретінде бекітілген; ал тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық

қызмет саласында шамдал және люстра вариант қатарлар ретінде көрсетілген. Алайда қазақ тілді ортада люстра атауының қолданыс жиілігі жоғары және қазақыландырылған шамдал атауы ауызша және жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігі төмен: *Көп шамды люстраларды қоректендіретін топтық желілер үшін фазаға кез келген типті шамдардың саны шектелмейді (Заңнамалық құжат, 2015 ж.); Композиция люстраның төменгі жағынан да осындай шарлардың бір тобын ілумен аяқталады; Бұл көп деңгейлі люстраның кішкене көшірмесіне ұқсайтын өнім (Интернет желісінен).*

Ассоциативтік эксперимент нәтижесіндегі респонденттердің жауаптарында сөздің түбірімен байланысты *шам, жарық, шырақ, сәуле, қараңғы, лампа* сияқты реакциялар кездесе, дыбыстық ұқсастығы бойынша берілген *шалбар, шамдану* деген жауап нұсқалары да бар. Ал шеттілдік баламасы *люстра* атауын көрсету салыстырмалы түрде аз. Респонденттердің қатарында шамдал сөзіне «түсініксіз», «білмеймін» деген реакция білдірушілер де кездеседі.

*Шамдал* сөзінің түбіріндегі *шам* – жарықпен байланысты құрал ретінде ұғымдық және семантикалық жақтан айқын болғанымен, «дал» элементінің лексика-грамматикалық мағынасы мен қызметі тіл иелері үшін бейтаныс. Осыған қарамастан, тіл иелерінің субъективті бағалаулары бойынша нәтижелер *шамдал* сөзінің тіл жүйесіне енуі әлеуетінің біршама жоғары екендігін көрсетеді.

**9-кесте** – Субъективті шкалалау әдісі арқылы «шамдал» сөзіне алынған нәтижелер

1	2	3	4
<b>ШАМДАЛ – люстра</b>	<i>5 – өте жақсы</i>	50	25,6%
	<i>4 – жақсы</i>	<b>56</b>	<b>28,7%</b>
	<i>3 – бейтарап</i>	36	18,5%
	<i>2 – орташа</i>	29	14,9%
	<i>1 – орташадан төмен</i>	<b>6</b>	<b>3,1%</b>
	<i>0 – төмен</i>	18	9,2%

Респонденттердің басым көпшілігі «жақсы» (28,7%) және «өте жақсы» (25,6%) деген көзқарас білдірсе, ең аз көрсеткіш – «орташадан төмен» (3,1%). Ассоциативтік эксперимент қорытындылары мен субъективті бағалау нәтижелерін назарға ала отырып, *шамдал* сөзін мағынасы біршама айқын, бірақ ауызша және жазба коммуникациядағы қолданысы төмен болғанына қарамастан, тіл иелерінің саналы

қарым-қатынасында «қабылдаймын» позициясын иелену мүмкіндігі жоғары қазақыландырылған лексикалық жаңалық деп бағалауға болады.

Субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілген эксперименттің мазмұнына енген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға қатысты талдауларды кеңейте түсуге болады. Мәселен, *нәрсу (компот), ұйық (носки),*

*жаяужол (тротуар), орынтақ (кресло)* деген лексикалық жаңалықтарға респонденттердің көзқарастары әралуан. *Компот* сөзінің баламасы ретінде ұсынылған *нәрсу* деген лексикалық жаңалықты эксперимент қатысушыларының басым көпшілігі «өте жақсы» (26,2%) және «жақсы» (29,7%) деп бағалаған. Осыған ұқсас *жаяужол – тротуар* («өте жақсы» – 51,3%, «жақсы» – 26,7%), *орынтақ – кресло* («өте жақсы» – 29,7%, «жақсы» – 19,5%) жұптарына қатысты оң бағалаулардың көрсеткіші жоғары. Алайда *носки* сөзінің баламасы *ұйық* атауына байланысты респонденттердің 22,6%-ы «төмен», 12,3%-ы «орташадан төмен» деген жауапты таңдаған. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде *жаяужол, нәрсу, орынтақ* сөздерінің ассоциативтік-вербалды желісіне енген реакциялар мен стимул сөз арасындағы семантикалық байланысты берік. Ал *ұйық* сөзіне көрсетілген жауаптардың көпшілігі сөздік қордағы «үю» деген етістікпен байланысты болып келеді.

Субъективті шкалалау әдісіне және ассоциативтік сауалнамаға негізделген эмпирикалық зерттеу нәтижелері – бір-бірін верификациялайтын деректер. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісіне енетін бірліктерді анықтау а) тіл иелерінің менталды лексиконындағы лексикалық жаңалықтардың шоғырлануын модельдеуге; ә) жана атаудың семантикалық тұрғыдан қаншалықты «қуатты» екендігін бағалауға; б) шын мәнінде тілді құндылық деп танитын қазақ тілі мен мәдениеті өкілдерінің сөздік қорында қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың *бар/жоқ* екені туралы қорытынды жасауға мүмкін береді. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде жасалған қорытындылардың шынайылығын растау мүддесінде субъективті шкалалау әдісіне негізделген зерттеуді жүзеге асыру тіл иелерінің нақты сөзге (қазақыландырылған лексикалық жаңалыққа) қатысты саналы көзқарасын анықтауға және қалыптастыруға, сондай-ақ қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың тіл жүйесіндегі «тағдырын» болжауға және тіл иесінің менталды сөздік қорындағы позициясын

көруге жол ашты. Зерттеудің келесі сатысында жүзеге асырылған баламалы эксперименттің мақсаты – тіл жүйесіндегі және тіл иелерінің менталды сөздік қорындағы қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың шоғырлануына қатысты тұжырымдардың дұрыстығына көз жеткізу.

### Қорытынды

Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларында орын алып отырған трансформацияларға тілдің бейімделуін көрсететін динамикалық үдерістердің нәтижелері.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздік қорын қазақыландыру нәтижесінде пайда болған лексикалық жаңалықтарға қатысты тіл иелерінің субъективті бағалауын анықтау әлеуметтік лингвистикадағы «пуризм» ұғымы мен «қазақыландыру» түсінігінің арақатынасын бағалауды талап етеді. Жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеулер:

- еліміздегі тіл стратегиясына сәйкес қазақ тілінің өміршеңдігін нығайтудың теориялық және фактологиялық негіздерді қамтамасыз етуге;
- латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін енгізуде қазақ тіліне деген сұранысты арттыруға;
- қазақыландыру үдерісінің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізуге;
- қазақ тіл білімінде синергетикалық бағыттың қалыптасуына және дамуына;
- қазақтіліндегі лексикалық жаңалықтарды жаңа лингвистикалық парадигмада әрі қарай зерттеуге;
- тарихи дамуы ұқсас қазіргі түркі тілдері үшін төл тілдің әлеуеті арқылы жасалған лексикалық жаңалықтардың зерттеудің ғылыми тәжірибесін ұсынуға;
- менталды лексиконның құрылымы мен қызметін зерттеудің пәнаралық мүмкіндіктерін ұлғайтуға;
- қазақ тіл білімінің қолданбалы бағыттарын нығайтуға және эмпирикалық деректер базасын қалыптастыруға үлес қосады.

### Әдебиеттер

Пищальникова В. А. История и теория психолингвистики // Этнопсихолингвистика. Ч.2. – Москва, 2007. – С. 117.  
Энциклопедический словарь / Ред Брокгаузен и Эфрон. – Т. XXV. – С-Пб.: Типография «Эфрона», 1898. – 958 с.

Толковый словарь живого великорусского языка / Даль Владимир Иванович. Том III. П-Р. – СПб.-М. Издательство: Тов-во М.О. Вольфа, 1907. – 893 с.

Словарь лингвистических терминов / Ахманова О.С. – Москва: Изд-во Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.

Deumert A., Vandenbussche W. Germanic Standardizations, past to present. John Benjamins Publishing Company, 2003. – 480 p.

Brincat J., Boeder W., Stolz T. Purism in minor languages, endangered languages, regional languages, mixed languages // Papers from the conference on “Purism in the age of globalisation”. Germany: Universitätsverlag Dr. N. Brockmeyer, 2003. – P. 368.

Thomas G. Linguistic purism. – London/New York: Longman, 1991.

Ševčík D. Cesky jazykovy purismus z hiediska funkcní teorie spisovného jazyka // Sborník prací Filosofické fakulty Brněnské university. – Rádý jazykovedne, 1974. – S. 49-58.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (Пайдаланылған күні: 13.06.2023)

Развитие казахского советского языкознания. – Алматы: Наука, 1980. – 246 с.

Ploder A., Eder A. Semantic Differential // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition). – Elsevier, 2015. – P. 563-571. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-097086-8.03231-1>.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: Малмақов М., Есенова Қ., Хинаят Б. және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Қалиев Б. – Алматы, 2014. – 728 б.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Қалиев Ф., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т. 43. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 416 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Момынова Б., Сүйерқұлова Б., Фазылжанова А. және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Словарь маркетолога. – URL: <https://roistat.com/rublog/glossary/> (Пайдаланылған күні: 13.06.2023)

Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 344 б.

Философиялық сөздік / Нұрғалиев Р.Н. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1996. – 525 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст. Сүйерқұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / Оңдасынов Н.Д. 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.

Қазақ тілінің омонимдер сөздігі / Белбаева М. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1988. – 193 б.

Википедия. – URL: <https://ru.wikipedia.org/>

Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері / Қайыржан К. – Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. – 480 бет.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Қоңыратбаева Ж., Қалиев Ф., Есенова Қ. және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі / Медеубекұлы С., Омарова Б., Әбдиева Р. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2013. – 232 б.

Мұсырман К. Терминдеріміз қашан түзеледі? // Егемен Қазақстан» газеті, 25 мамыр, 2021.

## References

- Äleumettanudyň tüsindirme sözdığı (2007) [Explanatory Dictionary of sociology]. Almaty. Sözdık-slovär. (in Kazakh)
- Arabşa-qazaqşa tüsindirme sözdık. Qazaq tilindegi arab sözderi (2010) [Arabic - Kazakh Explanatory Dictionary. Arabic words in Kazakh]. Vol.1. Almaty. «Bılım». (in Kazakh)
- Babalar sözi: Jüz tomdyq (2007) [The word of ancestors: one hundred volumes]. Vol. 43. Batyrlar jıry [Song of heroes]. Astana. Foliant. (in Kazakh)
- Baspa jäne poligrafia terminderiniñ tüsindirme sözdığı (2013) [Explanatory Dictionary of publishing and printing terms]. Almaty. «Sözdık-Slovär». (in Kazakh)
- Brincat J., Boeder W., Stolz T. (2003) Purism in minor languages, endangered languages, regional languages, mixed languages. Papers from the conference on “Purism in the age of globalisation”. Germany: Universitätsverlag Dr. N. Brockmeyer.
- Deumert A., Vandenbussche W. (2003) Germanic Standardizations, past to present. John Benjamins Publishing Company.
- Ensiklopedicheski slovär (1898) [An encyclopedic dictionary]. Red Brokgauzen i Efron [Red Brockhausen and Efron]. Iss.25. S-Pb. Efron Printing House. (in Russian)
- Filosofialyq sözdık (1996) [Philosophical Dictionary]. Almaty. Qazaq ensiklopediasy baspasy. (in Kazakh)
- Müsyрман K. (2021) Terminderimiz qaşan tüzeledi? [When will our Terms be corrected?]. Egeмен Qazaqstan gazeti [Egeмен Kazakhstan newspaper]. (in Kazakh)



- Pišálnikova V. A. (2007) *İstoria i teoria psiholingvistiki* [The history and theory of psycholinguistics]// *Etnopsiholingvistika* [Ethnopsycholinguistics]. Iss. 2. Moscow (in Russian)
- Ploder A., Eder A. (2015) *Semantic Differential*. *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences* (Second Edition). Elsevier, 2015. P. 563-571. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-097086-8.03231-1>.
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.14. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.7. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.3. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.6. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.10. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq дәстүрлі мәдениетінің ensiklopedialyq sözdıgı (1997) [Encyclopedic Dictionary of Kazakh traditional culture]. Almaty. «Sözdik-Slovär». (in Kazakh)
- Qazaq tılınıń aimaqtıyq sözdıgı (2005) [Regional Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: «Arys» baspasy. (in Kazakh)
- Qazaq tılınıń omonimder sözdıgı (1988) [Dictionary of homonyms of the Kazakh language]. Almaty. «Mektep» baspasy. (in Kazakh)
- Qazaq tılınıń túsındırma sözdıgı (2014) [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasyndaǵy tıl saiasatyn iske asyruıdyń 2020-2025 jylдарǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasyn (2019) [State program for the implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (Date of use: 13.06.2023) (in Kazakh)
- Qazaqtıń etnografialyq kategorialar, úǵymdar men ataularynyń дәstürli júiesı (2011) [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names ]. *Ensiklopedia* [Encyclopedia]. Vol.1. Almaty. DPS. (in Kazakh)
- Razvitie kazahskogo sovetskogo iazykoznanıa (1980) [The development of Kazakh Soviet linguistics]. Almaty. Nauka. (in Russian)
- Ševčík D. (1974) *Cesky jazykovy purismus z hiediska funkcnı teorie spisovneho jazyka* [Czech language Purism from the field of functional theory of written language]. *Sbornik praci Filosoficke fakulty Brnenske university* [Proceedings of the Faculty of Philosophy Brno university]. *Rady jazykovedne*. (in Czech)
- Slovär lingvisticheskıh terminov (1966) [Dictionary of Linguistic Terms]. Ahmanova O.C. Moscow. *İzd-vo Sovetskaia ensiklopedia*. (in Russian)
- Slovär marketologa [18. The dictionary of the marketer]– URL: <https://roistat.com/rublog/glossary/> (Date of use: 13.06.2023)
- Söz – sandyq: Qazaqtıń köne sözderı (2013) [Word-digital: ancient Kazakh words]. Almaty. "Öner" baspasy. (in Kazakh)
- Thomas G. (1991) *Linguistic purism*. London/New York: Longman.
- Tolkovyı slovär jivogo velikorusskogo iazyka (1907) [3. Explanatory dictionary of the living Great Russian language]. *Däl Vladimir İvanovich*. Iss.3. P-R. SPb.-M. *İzdatelstvo: Tov-vo M.O. Völfa*. (in Russian)
- Vikipedia [Wikipedia]. URL: <https://ru.wikipedia.org/> (Date of use: 13.06.2023)